

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
«ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



8D015 «Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау» бағыты  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін диссертацияларды  
қорғау бойынша

**ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Білім беру бағдарламасы:  
8D01501 – «Математика»

Талдықорған, 2024 жыл

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

Осы диссертациялық кеңес туралы ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен (29.08.2024 № 425 өзгертулермен) бекітілген диссертациялық Кеңес туралы Үлгі ережеге және ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген Дарежелерді беру қагидаларына (29.08.2024 № 425 енгізілген өзгерістермен) ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.1. Осы ережеде мынадай терминдер пайдаланылады:

1) диссертациялық кеңес – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын коргауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының (бұдан әрі – ЖОО) жаңындағы алқалы орган;

2) философия докторы (PhD) – Қазақстан Республикасында немесе одан тыскары жерлерде ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантуралың бағдарламасын менгерген және диссертация корғаган адамдарға берілетін, "Білім туралы" Занында белгіленген тәртіппен танылған дәреже.

1.2. Диссертациялық кеңес:

- ұсынылған диссертациялардың ғылыми Дарежелерді беру қагидаларында белгіленген өлшемдерге сәйкестігін анықтайды;

- философия докторы (PhD) дәрежесін береді;

- осы ережеде белгіленген тәртіппен өз қызметі туралы талдау жүргізеді және есеп береді;

- осы ережеде белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

1.3. Диссертациялық кеңес диссертацияларды коргау бойынша қабылданған шешімдердін сапасына, объективтілігіне және негізділігіне жауап береді.

## **2-тaraу. Диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру**

2.1. Диссертациялық кеңес 3 (үш) күнтізбелік жылға құрылады және келесі негізде жұмыс істейді:

1) Білім беру бағдарламасы 2020 жылдың 24 тамызында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті берген 8D015 «Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау» бағыты бойынша №KZ36LAA00018662 лицензияға косымшасы негізінде жүзеге асырылады.

2) 8D01501 – «Математика» білім беру бағдарламасы 2019 жылдан бастап білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген;

3) 8D01501 – «Математика» білім беру бағдарламасының аккредитациясы: Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік, 30.04.2022 ж. № SA-A № 0238 күәлігі, аккредиттеудің қолданылу мерзімі 30.04.2022 ж. - 29.04.2027 ж..

4) 1, 2 және 3 жылдық оқытудың мемлекеттік білім беру тапсырысы бар.

2.2. Диссертациялық кеңестің құрамы 7 (жеті) адамнан аспауы тиіс. Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінде ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар.

Диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі басқа ЖЖОКБҰ-лардың, ғылыми және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 4 (төрт) мүшесі, оның ішінде төрага, төрага орынбасары және ғалым хатшы тұрақты мүшелер болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесі докторлық зерттеу саласына байланысты докторанттың коргау кезеңіне уақытша тағайындалады.

Диссертациялық кеңестің құрамында Кеңес мүшелерінің бірі шетелдік ғалым болып табылады.

Докторанттың ғылыми көнестілері, сондай-ақ докторантпен және оның ғылыми көнестісімен үлестес тұлғалар диссертациялық көнестің уақытша мүшелері болып тағайындалмайды:

1) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (ага-карындастар), ата, әже, немерелер;

2) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тәң орындаушы) болып табылатын ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖЖОКБҰ-ның және (немесе) ғылыми ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірге жариялаган макалалардың және шолулардың тәң авторлары;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң корытынды берген ғылыми көнестілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар тағайындалмайды.

### 2.3. Диссертациялық көнестің құрамына кірмейді:

1) Университеттің Баскарма төрағасы – Ректоры;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 (бес) жыл ішінде диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертацияларға ғылыми консультанттар, жетекшілер болған мамандар.

2.4. ЖЖОКБҰ жаңындағы диссертациялық көнестің кемінде 4 (төрт) мүшесінде халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болады: соңғы 5 (бес) жылда Web of Science Core Collection (Вэб оғ Сайнс Кор Коллекшин) (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) деректер базасында индекстелетін және Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректеріне сәйкес алғашкы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кемінде 2 (екі) жарияланым.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми макала ретінде соңғы 5 (бес) жылда – сенімді баспаlardа немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оғ Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшин Ворлд Юниверсити) топ-100 (жұз) рейтингіндегі университет баспасында шыгарылған монография ескеріледі. Жоғарыда көрсетілген монографияда тарау болған жағдайда (ізденушіге кемінде 3 (үш) баспа табағы тиесілі) ол халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 (бір) макала ретінде есепке алынады.

ӘАОО жаңындағы диссертациялық көнестерде 3 (үш) мүшесінің соңғы 5 (бес) жылда ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген журналдарда кемінде 10 (он) жарияланымы болады.

2.5. Диссертациялық көнестің тұракты құрамы мен ондағы өзгерістер, сондай-ақ төраға, төраганың орынбасары және ғалым хатшысы ғылыми көнестің шешімі негізінде Баскарма төрағасы – Ректордың бүйрығымен бекітіледі.

Университетте диссертациялық көнес дербес құрылады. Диссертациялық көнес құру туралы акпарат Баскарма Төрағасы-ректордың бүйрығы шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде университеттің интернет – ресурсында орналастырылады.

### 2.6. Диссертациялық көнестің төрағасы:

- диссертациялық көнестің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

- көнес отырыстарын откізеді;

- белгіленген талаптарға сәйкес диссертация коргаудың жарамдылығының сакталуын қамтамасыз етеді;

- диссертациялық көнестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты.

**2.7. Диссертациялық кеңес төрагасының орынбасары:**

- кеңес төрагасы қорғалатын диссертация бойынша ғылыми консультант болып табылатын жағдайларда, сондай-ақ диссертациялық кеңес төрагасы болмаған жағдайда кеңес отырысын өткізу жөніндегі диссертациялық кеңес төрагасының функцияларын орындаиды;

**2.8. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы:**

- докторант ұсынған құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді;
- диссертация қорғағаннан кейін докторанттың аттестаттау ісін қалыптастырады;
- ғылыми кеңес отырыстарындағы кворумды ұйымдастырады;
- диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізуге қажетті құжаттарды дайындаиды;

(философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы); диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертацияны макалалар топтамасы түрінде қорғау жағдайларын қоспағанда), диссертацияны қайта қорғауга жіберу, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруден бас тарту және диссертациялық кеңестің құнтізбелік жылдық жұмысы туралы есеп береді;

- қорғау тәртібін бақылайды;

- диссертациялық кеңесте техникалық жабдықтауды ұйымдастырады;

- докторанттардың құжаттары мен материалдарды Қазақстан Республикасы Ғылым және жогары білім министрлігінің Ғылым комитетіне уақытылы тапсырады.

**2.9. Университет мыналарды камтамасыз етеді:**

1) Диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізу және диссертацияларды ашық түрде қорғауды өткізу үшін қажетті жағдайлармен, оның ішінде акпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық-техникалық күралдарды пайдалану арқылы қажетті жағдайларды;

2) халықаралық дерекқорларды қоса алғанда, плагиатты анықтаудың лицензияланған жүйелерінде диссертацияларды тексеруді;

3) диссертациялық Кеңестің қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде диссертациялық Кеңес мүшелерінің іс-санар шығыстарын өтеуді.

4) осы Үлгі ереже талаптарының бұзылуы аныкталған 5 (бес) қорғауды өткізуі.

Диссертациялық кеңес жабылғаннан кейін осы кеңесті білім беру бағдарламалары бойынша құру туралы өтінім 1 (бір) жылдан кейін беріледі.

Диссертациялық кеңестің осы Ережеде белгіленген талаптарды бұзуы диссертациялық кеңестің тұрақты құрамын ауыстыруға негіз болады (3 (үш) қорғау бұзушылыктармен өткен жағдайда).

### **3 тарау. Диссертациялық кеңестің функциялары**

**3.1. Диссертациялық кеңестің функциялары:**

1) диссертация қорғауға құжаттарды қабылдау;

2) диссертациялық кеңестің уақытиша мүшелерін, қорғау мерзімін және ресми рецензенттерді тағайындау;

3) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан ері – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;

4) диссертацияны ашық түрде қорғауды өткізу;

5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

**3.2. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысының функциялары:**

1) қорғауға қабылдау және қорғауды өткізу рәсімдерін ұйымдастыру;

2) диссертацияны "Антиплагиат" жүйесі бойынша тексеруге, ЖЖОКБҰ кітапханасына, Қазақстан Республикасының Үлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Үлттық кітапханасына, ресми рецензенттерге жіберу;

3) диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабарды жолдау;

4) диссертациялық кеңестің сайтында материалдар мен акпаратты орналастыру;

5) диссертациялық кеңестің отырысын, оның ішінде бағдарламалық және техникалық күралдарды дайындау;

- 6) диссертациялық кеңестің құжаттарын ресімдеу;
- 7) Комитетке жолдау үшін құжаттар топтамасын дайындау (ерекше мәртебесі жок ЖЖОКБҰ-лар үшін).

Хат-хабарлар ғалым хатшының ресми корпоративтік поштасынан жолданады. Ғалым хатшының міндеттерін баска адамдарга, оның ішінде докторантка жүктеуге жол берілмейді.

### 3.3. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

- 1) обьективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;
- 2) диссертация корғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- 3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;
- 4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;
- 5) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;
- 6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармакта көрсетілген талантардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

3.4. Күнтізбелік жыл аяқталған соң диссертациялық кеңес осы ереженің 1-косымшасына сәйкес нысан бойынша Комитетке диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есепті ұсынады.

3.5. Диссертация корғауға докторантуралың білім беру бағдарламаларын толық игерген және Дәрежелерді беру қағидалары талантарына сәйкес дайындалған диссертацияларды немесе мақалалар топтамасын ұсынған докторанттар жіберіледі.

3.6. Корғауға құжаттарды қабылдауға дейін докторант оқыған ЖОО білім беру бағдарламаларының кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) диссертацияны алдын ала талқылауды өткізеді. Жоғары оку орнының докторанттың кеңейтілген отырыс өткізілгеннен кейін диссертацияны талқылаудың басқа нысандарынан міндетті түрде өтуін талап етуіне жол берілмейді.

Кеңейтілген отырыс өткізуден 1 (бір) ай бүрін диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензияға жолданады.

Кеңейтілген отырыска білім беру бағдарламалары мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшениң ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми консультанттар, сондай-ак аралас (мәндес) білім беру бағдарламаларының және (немесе) ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа ұйымдардың өкілдері қатысады.

Отырыста консультанттар болмаған жағдайда докторанттың диссертациясы бойынша олардың ескертүлөрін отырыста білім беру бағдарламасының жетекшісі немесе университеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы, не оның орынбасары оқиды.

Кеңейтілген отырыстың оң корытындысын алғаннан кейін докторант ЖОО ректорына өзі коргайтын диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді. Егер докторант басқа ЖОО-ның диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда, онда докторант оқыған ЖОО 10 (он) жұмыс күні ішінде оның құжаттарын диссертациялық кеңеске жібереді.

### 3.7. Диссертациялық кеңеске келесі құжаттар ұсынлады:

- 1) отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері;
- 2) кеңейтілген отырыстың оң корытындысы;
- 3) түтпелген және электронды тасымалдағыштағы диссертациялық жұмыс (егер диссертация диссертациялық жұмыс түрінде қорғалатын болса);
- 4) ғылыми еңбектер тізімі және олардың көшірмелері;
- 5) қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация. Аннотацияда корғауға шыгарылатын диссертациялық зерттеудің такырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің

жанашылдығы мен маңыздылығының негізdemесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауга қоскан үлесінің сипаттамасы жазылады;

6) докторант оқыган ЖОО-ның Этика жөніндегі комиссиясының зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын коргауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың болмауы туралы корытындысы.

Диссертациялық жұмыс казак немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Осы тармақта көрсетілген күжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің галым хатшысы жүргізеді және оларды 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде диссертациялық кеңеске ұсынаады.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұракты құрамы осы ереженің 2.2 тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындаады.

3.8. Күжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) ресми рецензентті тағайындаады. Рецензенттерде докторанттың зерттеу саласы бойынша Комитеттің Басылымдар тізбесіне және/немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) немесе Scopus (Скопус), деректер базасына енгізілген журналдарда және /немесе шетелдік рецензияланатын басылымдарда 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монографиясы (жеке жазылған) бар.

Диссертацияны қорғау күні қорғау күні белгіленген күннен бастап 3 (үш) айдан аспайды. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар қүжаттарының тұсу кезегі сакталады.

3.9. Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-бірінен тәуелсіздігі принципін басшылықка алады.

Ресми рецензенттер ретінде тағайындаімайды:

1) комитет қызметкерлері;

2) диссертация тақырыбы бойынша жарияланған макалалар бойынша докторанттың бірлескен авторлары;

3) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын диссертация орындалған және (немесе) ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіліп жатқан университеттің және (немесе) ғылыми ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң корытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болған мамандар;

5) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы болек ағалы-інілдер мен апалы-сінлілер (ага-қарындастар), ата, әже, немерелер.

3.10. Диссертациялық кеңес университеттің ресми сайтында (<https://zhetysu.edu.kz/>) докторанттардың қорғауы және кеңес қызметі туралы мынадай материалдарды орналастырады:

1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы акпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, тұракты негізде қолжетімді болады) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;

2) диссертацияны (корғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парагында тиісті белгілері бар оның барлық пысықталған нұсқалары (туракты негізде қол жетімді);

3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазак, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (корғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын). Аннотацияда диссертациялық зерттеудін тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауга шыгарылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа

тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негізdemесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауга коскан үлесінің сипаттамасы көрсетіледі;

4) докторанттың жарияланымдарының тізімі (белгіленген коргау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

5) ғылыми консультанттардың (коргаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын), коргаудан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде колжетімді болатын пікірлері;

6) ресми рецензенттердің пікірлері (коргаудың белгіленген күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын);

7) коргаудың толық көлемдегі бейнежазбасы, монтаждауға жол берілмейді (коргаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және коргаудан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы колжетімді);

8) диссертациялық жұмысты пысықтауга, қайта коргауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (коргаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және коргаудан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде колжетімді болады);

9) осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

10) осы ереженің 2-қосымшасына сәйкес диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD) дәрежелерін беру (беруден бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есеп. Тоқсандық есеп тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің кызметі мерзімінде колжетімді;

11) коргаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда);

12) диссертациялық кеңестің кұрамы туралы акпарат және диссертациялық кеңес кызметінің тәртібі;

13) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензияланған жүйесінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензияланған жүйелерінің болуы туралы акпарат;

14) докторант оқыған ЖОО-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (жанды табигат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қоргауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (осы ереженің 3-қосымшасына сәйкес);

15) диссертациялық кеңестің бейне конференция нысанындағы online (онлайн) отырысын өткізуі үйімдастыру жөніндегі аппарат.

3.11. Диссертациялық жұмысты университеттің ресми сайтында орналастырғаннан кейін оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгімен философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін университеттің ресми сайтында орналастырылады.

ЖЖОКБҰ-ның интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар коргауда ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер коргауда ұсынылмайды.

3.12. Алдағы коргау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес коргауга қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жолдайды.

3.13. Диссертациялық кеңес коргауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде докторанттың отандық және халықаралық деректер базалары бойынша плагиатты пайдалануына тексеру үшін диссертацияны «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық саралтама орталығы» акционерлік когамына (бұдан әрі – YMFTCO) жібереді. Титул беті және пайдаланылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

3.14. Диссертацияның қағаз және (немесе) электрондық тасымалдағыштагы данасы университет кітапханасына беріледі. Қорғаганинан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электронды тасымалдағыштагы даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді.

3.15. Ресми рецензенттер диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске осы ереженің 4-косымшасына сәйкес нысанда жазбаша пікірлерін ұсынады.

Егер диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын болса, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының тылыми деңгейін зерделейді. Егер мақаланың 2/3 (уштен екісі) немесе одан да көп болігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысты болмаса, оны ресми рецензент ескермейді.

Ресми рецензенттер пікірлерінде мына шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау (ерекше мәртебесі жок ЖЖОКБҰ жаңындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда);

2) егер диссертация Қагидалардың 4 және (немесе) 6-тармактарына сәйкес келмесе және (немесе) Қагидалардың 5-тармағында көрсетілген қагидаттарға (академиялық адалдық қагидатын қоспағаңда) ішінәра сәйкес келсе және (немесе) онда түзетуді талап ететін ескертулер болса, диссертацияны пысықтауға жіберу. Диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын жағдайда диссертация пысықтауға жіберілмейді;

3) егер академиялық адалдық қагидаты бұзылған немесе тылыми жаңашылдық, ішкі бірлік және дәйектілік қагидаттарына сәйкес келмеген болса, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғалғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

Ресми рецензенттер жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауга мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, корғау күні ауыстырылады.

3.16. YMFTCO анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және ЖОО-ның интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерде көрсетілген плагиат фактілері болған жағдайда Диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертация корғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

3.17. Диссертациялық кеңес диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (корғауға дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертациялық жұмысты қорғаудан алып тастайды. Диссертациялық кеңес 2 (екі) жұмыс күні ішінде докторантқа қабылданған шешім туралы хабарлайды және тиісті ақпарат университеттің ресми сайтында орналастырылады.

Докторанттың диссертациясын корғауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

3.18. Диссертациялық кеңестің төрагасы, төрага орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың тылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда, диссертацияны карау кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындаі алмайды. Диссертациялық кеңес төрагасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен төрага орынбасарына, төрага орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен оның мүшелеріне жүктеледі.

Төрага, төрага орынбасары және ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының толық көлемде бейнежазбага тусірілуін камтамасыз етеді, монтажға жол берілмейді.

3.19. Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (уштен екісі) катысқанда занды болып саналады. Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытыша тағайындалған мүшелерінің отырыска катысуы міндетті болып табылады.

Диссертациялық кенес мүшелері және ресми рецензенттер коргауға бейнеконференция нысанында қатыса алады.

Диссертацияны ашық коргау интернет желісінде тікелей онлайн-трансляция (online) режимінде жүзеге асырылады.

Диссертациялық кенес докторантка, диссертациялық кенес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кенес отырысын бейнеконференция нысанында откізетін туралы электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация коргауға кем деңгендегі 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.

Бейнеконференция нысанында диссертациялық кенес отырысын өткізу кезінде мыналар көзделеді:

- отырыска қатысатындардың визуалды идентификациясы;
- отырыска қатысушылар сөздерінің интернет желісінде үздіксіз бейне және аудио трансляциясы;
- отырыстың бейне және аудио жазбасы;
- диссертациялық кенес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

3.20. Диссертациялық кенес келесі шешімдердің бірін қабылдау үшін жасырын дауыс береді:

- 1) Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында корғалған жағдайдаған);
- 3) диссертацияны қайта коргауға жіберу;
- 4) Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаудан бас тарту.

Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауга ұсынылады. Егер диссертация Қагидалардың 4, 6-тармагына сәйкес келмесе және Қагидалардың 5-тармагында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын көспаганда) ішінәра сәйкес келсе, онда ол қайта коргауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

3.21. Докторанттың ғылым консультанты, тікелей басшысы немесе жақын туысы болып есептелетін диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шакырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруге дауыстары диссертациялық кенес мүшелерінің дауыстарына тәң келетін ресми рецензенттер қатысады.

Кеңестің философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысатындардың 3/4 (төрттен үші) және одан да көп бөлігі жақтап дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта коргауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатыскандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырыска қатысып отырган кенес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта коргауға жіберу туралы шешім қабылданады.

3.22. Қайта коргауға жіберу немесе философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кенес осы ереже мен қагидалардың қандай талаптарына диссертация сәйкес келмейтініндігі көрсетілген корытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы коргаудан 6 (алты) айдан кем емес уақыт өткенде осы ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сакталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

3.23. Диссертациялық кенес пысықтауға жіберу туралы шешім қабылдаған кезде диссертациялық жұмысқа нақты ескертулер қамтылған корытынды шығарады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кенеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кенес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылmasa, докторант қайта коргаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кенестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация YMFTCO-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. YMFTCO анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кенес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кенестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отрыс осы ереженің 3.18-тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

3.24. Диссертациялық кенестің ғалым хатшысы диссертациялық кенесте докторлық диссертация қоргалғаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды, ол Комитетке құнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жіберіледі. Докторанттың аттестаттау ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) диссертацияның YMFTCO-ға жіберілген күні көрсетіліп, диссертациялық кенес төрағасы қол қойған диссертациялық кенес құрылған ЖОО бланкісінде ілесне колдауhatы;
  - 2) электронды тасымалдағыштагы диссертация;
  - 3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері;
  - 4) жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;
  - 5) YMFTCO-ның диссертацияның плагиатқа тексерілгені туралы анықтамасы;
  - 6) осы ереженің 5-косымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық кенес мүшелерінің келу парагы;
  - 7) диссертацияны корғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау бойынша (қажет болғанда) диссертациялық кенес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы;
  - 8) докторантуралың қасіптік оқу бағдарламаларын менгергені туралы транскриптің көшірмесі;
  - 9) осы ереженің 6-косымшасына сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәліметтер.
- 1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке "pdf (pdf)" файлы форматында сканерленген түрде ұсынылады.

3.25. Комитеттің немесе диссертациялық кенестің теріс шешімі қабылданған диссертация осы ереженің 3-тарауында белгіленген тәртіппен қайта корғауға ұсынылады.

Диссертация қайта корғауга ұсынылған жағдайда диссертациялық кенес диссертацияда будан бұрын орын алған бұзушылықтардың жойылуы туралы корытынды жасау үшін диссертациялық кенес мүшелерінен 3 (үш) адамды тағайындаиды. Корытынды университеттің ресми сайтында диссертацияны корғауга дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастырылады және корғауда оқылады.

3.26. Диссертациялық кенестің теріс шешіміне апелляцияны докторант диссертация корғалған ЖЖОКБҰ шешім шығарған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ерікті нысанда береді.

3.27. Апелляция ерекше мәртебесі жоқ ЖЖОКБҰ жаңындағы диссертациялық кенестің шешіміне берілген жағдайда, апелляциялық комиссияның оң қорытындысы және диссертация соңғы шешім қабылдау үшін құнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде Комитетке жіберіледі.";

Апелляциялық комиссияның шешімі оны қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және ЖЖОКБҰ-ның интернет-ресурсына орналастырылады.

**Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп**

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ жаңындағы 8D015 «Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау» бағыты бойынша диссертациялық кеңес.

Есеп келесі мәліметтерді қамтиды:

1. Откізілген отырыстар саны туралы деректер.  
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

3. Оқытуды ұйымдастыруды корсететін докторанттар тізімі.

4. Есептік жыл ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау, келесі бөлімдерді боліп көрсету:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарына талдау;

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалыға ала отырып).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

7. Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);

2) қараудан алғыншыл тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);

4) корғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);

6) қайта қорғауга жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің төрағасы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Басып шығару күні «\_\_\_\_» 20\_\_.

**Диссертациялық көңестердін философия докторы (PhD) дәрежелерін беру (беруден бастару) жөніде қабылдаған шешімдері**

туралы токсандаштық есеп							Диплом №			
№	Докторант тың Т.А.Ә. (болған жагдайда)	Гуган жылды	Докторантур ада оқыған кезеңі	Доктора нты окыған ЖОО	Диссертаци я тақырыбы	Гылими көңесшілері	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жагдайда), дәрежесі, жұмыс орны)	Коргау күні	Диссертациялық көңес және апелляциялық комиссия (болған жагдайда)қабылд аган шешім	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

8D01501 – «Математика» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық көңес

**З-қосымша**

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті  
Этикалық комиссияның корытындысы

1	Докторанттың ТАӘ	
2	Докторантура мамандығы (білім беру багдарламасы)	
3	Докторантурада оқу кезеңі	
4	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5	Фылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, фылыми дәрежелері, азаматтығы	
6	Зерттеу объектілері	
7	Фылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
8	Фылыми зерттеу нәтижелеріне тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
9	Зерттеу объектілерінің (жанды табигат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын коргау қалай жүргізілді?	

Этикалық комиссияның төрағасы

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Этикалық комиссияның хатшысы

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

## Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен жаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация баска мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган	
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;  2) ортша;  3) төмен;  4) өзі жазбаған</p>	
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) айқындайды;  2) жартылай айқындайды;  3) айқындаамайды.</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді.</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) орындау;  2) ішінара сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері</p>	

		<p>мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жок</li> </ol>	
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бүріннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сынни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	
5	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нағижендер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар фылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді мे?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) дәлелденді;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol>	

		<p>7.3 Жана ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) кен</li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol>	
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol> <p>8.2 Диссертация жұмысының інтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің оңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol> <p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылыктар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін інтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз</p>	
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған інтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып</p>	

		табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	
11	Диссертацияга ескертулер		
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Ереженің 3.15 - тармағына сәйкес)		

**Диссертациялық кеңес мүшелерінін келу парагы**

20\_\_ жылғы " " диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама № \_\_


Докторант \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))8D01501 – «Математика» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациясын  
коргауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы \_\_\_\_\_  
(колы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

**Докторант туралы мәліметтер**

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))



**Фото**  
3x4

1	Тұған күні және жері, азаматтығы, ұлты		
2	Докторантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оқу мерзімі)		
3	Докторантура мамандығы		
4	Диссертацияның корғалған орны және күні		
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі		
6	Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде: Басылымдар тізбесіндегі басылымдарда Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетелдік басылымда халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде: шетелдік конференция материалдарында		
9	Еңбек жолы		
	Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі	Жұмыс орны, лауазымы
			Мекеменің мекенжайы
10	Mекен-жайы, байланыс деректері		

Диссертациялық қеңестің ғалым хатшысы

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мер, мерзімі 20\_\_ жылғы "\_\_\_"